

2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Таран ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 177 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 маусымда № 7912 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағына сәйкес Таран ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Таран ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Таран ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Таран ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 5 мамырдан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

Қ. Испергенов

Әкімдіктің

2018 жылғы 13 маусымдағы

№ 177 қаулысына қосымша

2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Таран ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№ р/н	Ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері
	II дала аймағы	
1.	Жаздық бидай	15 мамырдан 2 маусымға дейін
2.	Күздік бидай	25 тамыздан 15 қыркүйеке дейін
3.	Жаздық арпа	15 мамырдан 5 маусымға дейін
4.	Күздік арпа	15 мамырдан 5 маусымға дейін
5.	Сұлы	15 мамырдан 5 маусымға дейін
6.	Тары	20 мамырдан 5 маусымға дейін
7.	Рапс	20 мамырдан 28 мамырға дейін
8.	Бұршақ	20 мамырдан 31 мамырға дейін
9.	Аңқа	15 мамырдан 25 мамырға дейін
10.	Күнбағыс	5 мамырдан 18 мамырға дейін